



АБАЙ АҚЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Қазақ халқының мәдени мұрасында Абай Құнанбайұлы әндерінің алатын орны ерекше. Ағартушы, ақын, жаңашыл композитор - бір басына осындай сирек дарын қонған Абай қаламынан қазақтың музыкасын абайлық стильмен байытқан тамаша әндер туды. Оның бізге әр қилы болып жеткен әндерінің сан жағынан алғанның өзінде белгілі қорытынды шығаруға жететін маңызы зор. Абай әндерінің мелодикасы, ырғағы, формасы өзіне дейінгі қазақ әндеріне ұқсамады. Бірінші жағдай - ақынның әндерінің әрқайсысының өзіне меншікті өлеңі болды. Қазақтың халықтық дәстүріндегі он бір буынды өлеңге келетін болсақ, әннің сөзін білмейтін не ұмытқан адамның, «Қарағым, айналайын, келдің қайдан» деп айта беретіндей, «еркіндік» мұнда жоқ. «Сегіз аяқты» «Көзімнің қарасы» сөзімен айта алмайсың. Міне, бұл - музыка мен сөздің кәсіпқойлық дәрежеде үндесуі. Осының өзі айтарлықтай жаңалық болды. Сөйтіп, Абай музыка шығаруға сөз арқылы келді.

Ұлы ақын ең алдымен қазақтың халық әндерін, күйлерін жақсы білді. Ол Біржанның, Ақанның, Жаяудың әндерін жоғары бағалады. Сонымен қатар қазақтың аспапты музыкасын жете білді. Поэзиясы халықтық деңде саурылған болса, музыка дүниесінде де Абай қазақтың халық музыкасының мұхитында тәрбиеленді. Абайдың ән шығарудағы қадамдарының кейбіреулері осы бағытта. Алғашқы форма жағынан да халықтың негізде басталды. Мысалы, «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген әнінде, сөзсіз, арқаның ән дәстүрі көрінеді. Ол әннің формасында да, интервалдық секірулерінен де, сөздің буындарына сай келетін белгілі сөзатын, көтеретін жерлерінен де көрінеді. Сол сияқты «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінде де халықтың ән формасы басым. Әрине, бұл әннің мелодиялық дамуында бірқатар жаңалықтар бар. Әсіресе Абай музыка сөйлемінің ортасында бір дыбысты созып, шырақтып тұрмайды. Ол сөзге көбірек мән беруден, бірінші жастарға кейбір әндерінде сөзін қиюдан болуы да мүмкін. Ал сөзді белу-реңитивті түйін қазақ музыкасында тағы бар қасиет. Ондай әндер де аз емес. Айтарым - Абай ән шығаруға қазақтың халықтық бай музыка интонациясын жақсы біліп, сол бір ән мұхитын аралап, жүзіп келеді.

Абайдың басқа әншілерден айырмасы, ол қазақ әндерімен қатар, орыстың халық музыкасын, қапа романстарын, Семейде жүргенде орыстың Глинка, Рубинштейн сияқты музыка шеберлерінің романстарын тыңдады. Абайдың орыс достары да оған музыка жағынан әсер етпей қойған жоқ. Демократиялық ән-романс лирикасы өл кезде Ресейдің озық ойлы зиялылары арасында көп таралды. Ал сол интеллигенцияның бір тобымен үнемі кездесіп жүрген Абай олардан, сөзсіз, музыкадағы демократиялық ағымды түсінуге де жәрдем алды.

Ақын әндерінде орыстың, украинаның халық әндеріне еліктеу, ән, романстың лирикалардың үлгісін алу, қаланың демократиялық музыка дәстүрінің ізінде болу - осылардың негізінде жаңа түрлі, жаңа ырғақты, жаңа мелодиялық құрылысты ән шығару. Абайдың музыкаға келген жолының бір тарауы. Ұлкен музыкалық арнаға қуатын бұйырды саялардың, жылғалардың ішіндегі әсерлі. Абай шығармашылығында жаңа жол ашқан ағыстың бір тармағы. «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге жайылды» дегендей, әу баста бір-саран талапкердің аузынан шыққан Абай әндері көп ұзамай Арқаны аралап, Ертис, Есіл, Нураны бойлап кетті.

Абай әндерінің нота үлгілері төңкерістен бұрынғы баспаларда біртіндеп қана, некен-саяқ кездеседі. Жиырмасыншы жылдардың басында А.Затаевич, А.Бимбоэстін жазған әндерінен кейін, Қазақстан композиторлары Б.Ерзакович, Л.Хамиди Абайдың

көптеген әндерін нотаға түсірді. 1939 жылы ол кездегі Қазақстанды Зерттеу қоғамы Абай әндерін сақтап қалу, дамыту мақсатында бұл мәселеге қайта оралды. Абайдың ұрпағының бірі, Абай әндерінің орындаудағы беделді әншілердің бірі Мөкен Мұхаметжанованы Алматыға шақыртып, одан Абайдың 16 әнін нотаға жаздырды. Музыка білімпаздарының бағалауына қарағанда Мөкеннің орындауындағы Абай әндерінің түрлері түпнұсқасына жақын дейді. (проф. В.М.Беляев т.б.) Абайдың: «Сегіз аяқ», «Бойы бұлған», «Сен мені не етесің?», «Қор болды жаным», «Біреуден біреу артылса», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қаламқас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сүйсіне алмадым, сүймедім», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Сұрғылт тұман, дым бүркіп», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Татьянаның өні», «Өнегиннің өлердегі сөзі», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Ішім өлген сыртым сау», «Қарашада өмір тұр», «Желсіз түнде жарық ай», «Өзеге көңілім тоярыс», «Өнегиннің хаты» тағы басқа әндері бар. Бұл аталғандардың әрқайсысының бірнеше түрлері бар.

Көрген-білгені көп, рухани жан дүниесі аса бай Абай тек ән шығарып қойған жоқ. Ол сол мезгілге қарай үлкен сыншы, біліп баға беретін адал төреші болды. Ол тек өз әндері туралы емес, жалпы музыка жайлы, ән-күй, айналасында орындалатын музыкалық мәселесінде терең, философиялық пікірлер айтты.

Түганде дүние өсігіш ашаді өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денен. - деп, өмір шымылдығының музыкамен ашылып, музыкамен жабылатынын айтты, бесіктен көрге шейін музыканың жолдас болып жүретінін дәл көрсетті.

«Ата-анаға көз қуаныш» әнінде дана, ақылғой ақын жастарды қайғы-қамсыз, алаңсыз өмір сүруге, оқу-білімге ұмтылып, өз болашақтары туралы ойлауға, ата-ананың үміті мен сенімін ақтауға шақырады. Әннің байсалды, бір қалыпты әуені жастарды халықтың жарқын болашағы санал, әрқашан олардың тағдырын ойлайтын ұстаздың даналық өсиетін бейнелі түрде жеткізеді.

Махаббат лирикасы тақырыбындағы айшықты әндерінің бірі - «Желсіз түнде жарық ай». Бұл әнде композитор махаббат мұңын табиғат үнімен табиғат бояуымен астастырып, тұтас бір бедерлі сурет тудырған.

Желсіз түнде жарық ай, Сәулесі суда дірлдеп, Ауылдың малы терең сай, Таусыған езен күрілдеп, Қалың ағаш жалапыра, Сыбырласып өзді-өзі. Көрінбей жердің топырағы, Күрпеген жасыл жер жүзі. Өлең мен әуеннің мілсіз

жымыңдасуынан туған біртұтас көркем дүние айлы түнде бозғылт тұманға бөккен өзеннің сылдырын, тау жаңғырығы мен сыбырласқан гашықтар үнін көз алдыңызға әкеледі. Әннің қоңыржай әуені көшкі қоңыр самалдың үп еткен лебінен туғандай әсер қалдырады: ән сөзі байсалды, бір қалыпты, мәнерлі.

«Сұрғылт тұман дым бүркіп» әнінде Абай жігіттерді өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе білуге, жігерсіз, рухсыз, дәрменсіз болмауға үндейді. Ән әуені қаһарлы, қайратты. Бірде квинта, бірде лад тоникасында аяқталатын күрделі метроритмикалық құрылымының ішкі қуатты, серпінді фразасынан құралған. Жоғары әрлей дамытын минорлық әуен арқылы әннің музыкалық көркемдік қасиеті өлеңнің терең поэтикалық мазмұнымен нәзік үйлесім тапқан.

Абай әндерінің табиғатын аша отырып, А.Жұбанов былай деп жазды: «Өзінің табиғаты, рухы жағынан Абай әндері ұлттық сипатта, қазақ халық музыкасының дәстүрінде шығарылған. Орыс әндерінің және демократиялық; тұрмыстық романстардың кейбір белгілері мен элементтерін қолдану арқылы Абай қазақтың музыкалық «сөздігі» кеңейтіп, байытты.

А.Жұбанов Абайдың поэтикалық және музыкалық шығармашылығына әйелі Әйгерім, балалары Әбдірахман мен Ахылбай, әнші Әлпағамбет, скрипкашы Мұханның зор әсер еткенін айтады. Абай әндерінің алғашқы орындаушылары болған олар өзіндік шығармашылық лаборатория іспеттес еді. Абай әндері көпке таралмас бұрын үй іші, достарының, ауылдастарының арасында шырқалды.

Абай әндері үзінді ретінде және негізінен түрлендірілген сипатта көптеген камералық, симфониялық хор және опера музыкаларына арқау болды. Олар халық әншілерінің домбырамен дәстүрлі орындауында, көсібі композиторлардың фортепиано мен дауысқа, хора, аспапты ансамбльдерге лайықтаған, өңдеген түрінде концерттерде, радио мен теледидардан жиі шырқалды.

Абай әндері алғашқы жүрегінде сақталғандықтан бізге толықтай жетті. Композитор болғанымен, нота білмеген Абайдың әндері ауызша таралды. Ұлы ақын әндерінің халық арасында кең таралуына, біріншіден, ән табиғатының халыққа жақындығы, тыңдаушысын баурап алар тосын әуені мен мазмұнының тереңдігі, екіншіден, сол әндерді үлкен сахна - сахарада нәзіз күміс көмей әншілердің шеберлікпен орындауы үлкен ықпал етті.

Б. МҰРАТҚЫЗЫ,
Абайдың «Жидебай-Берлі» мемлекеттік қорық-музейінің жоғары дәрежелі маманы